



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 жылғы № 170-НҚ
Б. Рамашев
Павлодар қаласы

город Павлодар

«Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру және тарату қызметіне 2017 жылғы 1 қаңтар - 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге тарифтің шекті деңгейін және тарифтік смета бекіту туралы

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 15-бабының 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларының 24-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті туралы ережені басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1.«Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру және тарату қызметіне тарифтің шекті деңгейі 2017 жылғы 1 қаңтар - 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде 171,81 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілсін.

2.«Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру және тарату қызметіне тарифтік смета 2017 жылғы 1 қаңтар - 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрық қолданысқа енгізілген сәттен бастап «Павлодар мұнайхимия зауыты» акционерлік қоғамының жылу энергиясын беру және тарату қызметіне тариф және тарифтік смета бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаментінің 2009 жылғы 20 желтоқсандағы № 174-НҚ бұйрығының күші жойылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Павлодар

облысы бойынша департаментінің талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі (Б.С.Сабыров) осы бұйрықты «Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

5. «Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф деңгейінің өзгеруі туралы тұтынушыларды белгіленген тәртіпте ақпараттандырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Д.Қ. Шахановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін осы бұйрықтың 1, 2, 3-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



Қ. Төлендинов

«Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
жылу энергиясын беру және тарату қызметіне тарифтік смета
2017 жылғы 1 қаңтар - 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге

(ҚҚС-Сыз)

| р/с № | Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірлігі | Уәкілетті орган бекіткен | | | | | |
|----------|--|------------------|--|---|---|---|---|---|
| | | | жобаны іске асырудың барлық кезеңіне, оның ішінде | 2017 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы | 2018 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы | 2019 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы | 2020 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы | 2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде: | мың теңге | 201430 | 37542 | 38820 | 40496 | 41747 | 42825 |
| 1 | Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде: | -/- | 45605 | 7276 | 9126 | 9494 | 9850 | 9858 |
| 1.1 | Буды беру кезіндегі нормативтік техникалық ысыраптар | мың Гкал | 10,0 | 1,80 | 2,10 | 2,10 | 2,0 | 2,0 |
| 1.2 | шикізат және материалдар | мың теңге | 44 311 | 7 037 | 8876 | 9234 | 9582 | 9582 |
| 2 | Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде: | % | 0,80 | 0,80 | 0,80 | 0,80 | 0,80 | 0,80 |
| 2.1 | жалақы | мың теңге | 1294 | 239 | 250 | 260 | 268 | 276 |
| 2.2 | әлеуметтік салық | -/- | 55 191 | 11 709 | 10 500 | 10 771 | 10 942 | 11 269 |
| 3 | Амортизация | -/- | 50 219 | 10 654 | 9 554 | 9 801 | 9 956 | 10 254 |
| 4 | Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде: | -/- | 4 972 | 1 055 | 946 | 970 | 986 | 1 015 |
| 4.1 | өртке қарсы қорғану қызметтері | -/- | 16 058 | 3 719,70 | 3 137,80 | 3 145,5 | 3 070 | 2 985 |
| 4.2 | жылу желілері мен жылу құбырларына техникалық қызмет көрсету және ұстау | -/- | 84576 | 14838 | 16056 | 17084 | 17886 | 18712 |
| 4.3 | күзет қызметтері | -/- | 114 | 24 | 22 | 22 | 23 | 24 |
| | | -/- | 84370 | 14795 | 16017 | 17044 | 17844 | 18669 |
| | | -/- | 92 | 19 | 17 | 18 | 18 | 19 |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|------|--|----------------|-----------|---------|---------|---------|---------|---------|
| II | Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде: | -/- | 3200 | 590 | 619 | 644 | 663 | 684 |
| 5 | Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде: | -/- | 3200 | 590 | 619 | 644 | 663 | 684 |
| 5.1 | АҚЖ сақтандыру | -/- | 3151 | 581 | 610 | 634 | 653 | 673 |
| 5.2 | ақпараттық қызметтер | -/- | 49 | 9 | 9 | 10 | 10 | 11 |
| III | Барлық шығын | -/- | 204 630 | 38 132 | 39 439 | 41 140 | 42 411 | 43 508 |
| IV | Пайда | -/- | 20 189 | 4 810 | 3 942 | 4 005 | 3 789 | 3 643 |
| V | Кодданысқа енгізілген активтердің реттелеетін базасы (АРБ) | -/- | 139 264 | 33 177 | 27 192 | 27 626 | 26 139 | 25 129 |
| VI | Барлық кіріс | -/- | 224 819 | 42 942 | 43 381 | 45 145 | 46 200 | 47 151 |
| VII | Көрсетілетін қызметтердің көлемі | мың Ғкал | 1 308,545 | 233,929 | 274,904 | 269,904 | 264,904 | 264,904 |
| VIII | Тариф (ККС-сыз) | тенге/ Ғкал | 171,81 | | | | | |